

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ БІРІҢҒАЙ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВТІК САҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ҮЙЛЕСТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раушан Нұрбатырова,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінің
Тарих, археология және
этнология факультетінің
докторанты



Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолдану аясы елімізде күннен күнге кең етек жаюда. Қазақстан Республикасы (ҚР) Үкіметі қабылдаған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орталық мемлекеттік басқару органдарынан жергілікті басқару органдарына дейінгі деңгейде басқаруды құжаттамамен қамтамасыз (БҚҚ) етуге арналған электрондық құжат айналымының бірінғай жүйесі (ЭҚАБЖ) қарқынды дамып келеді. Бүгінгі таңда тек орталық мемлекеттік басқару органдарындағы осы желі аясында дүниеге келген электрондық құжаттардың (ЭҚ) көлемі 400 Тбайт-тан асты¹.

¹ Мустафина А. Вопросы обеспечения сохранности электронных документов в Республике Казахстан // Вопросы документооборота. – 2018. – №7. – Б. 39–43.

Дегенмен де ЭҚ архивтік сақталуының қамтамасыз етілуі сондай дәрежеде шешімін тапты деп айтуға болмайды. Мемлекеттік архивтердің қол жеткізген ең жоғары нәтижесі архив қорларында сақталған қағаз форматтағы құжаттарды жаппай сканерлеу арқылы олардың электрондық көшірмелерін дайындап, деректер базасына орналастырумен шектелуде. Еліміздің архивтерінің арасында осы мәселе бойынша үлгі болатын ҚР Президенті Архивінде сақтау бірліктерін сканерлеу көрсеткіші жылына 25 000 іс бірлігіне жетті².

Архивтің қалыптастырушы дерек көздері болып табылатын орталық мемлекеттік басқару органдарының түгелдей дерлік ЭҚАБЖ қолдануына қарамастан, оларда электрондық іс бірліктерін (істерді) қалыптастыру және оларды ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы мемлекеттік архивке тасымалдау мәселелері бүгінге дейін шешімін таппай келеді. Күнделікті қызмет практикасында ЭҚ қағаз беттеріне түсіріліп, одан кейінгі ескіден қалыптасқан тәжірибеге сәйкес қағаз құжаттарды архивтік қабылдау дәстүріне сәйкес жүргізіледі. Содан соң архивке қабылданған істер архив қызметкерлерінің күшімен қайтадан сканерленіп, деректер базасына енгізіледі. Сонымен, басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету ақпараттық желісінің ЭҚАБЖ-ның тиімділігі электрондық құжаттарды архивтік сақтауға келгенде өз бағасын жояды.

Бұған қосымша, соңғы бірнеше жыл ішінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан екінші рет «Электрондық құжаттардың бірінғай архиві» жобасы ұсынылуда³. Өндірістік қолдануға 2020 жылдың соңына дейін беруді жоспарланған жобаның соңғы нұсқасы әлі де көптеген сұрақтар туындатып отыр. Шындығында ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы ЭҚ архивке сақтауға қабылданған жағдайда, жүйеде электрондық істердің қалыптасуы қажет.

Электрондық іс – бұл электрондық құжат контейнерлерінің жиынтығы. Өз кезегінде әр контейнер ЭҚ мазмұны мен метадеректері, электрондық цифрлық қолтаңба файлдары және PDF/A форматындағы мәтіндік ЭҚ бейнеленген көшірмесі⁴. Сонымен қатар, бағдарламалық-аппараттық ортаның өзгеруіне байланысты электрондық құжаттардың техникалық бақылануы, конвертация және миграция жүргізу мәселелері, сондай-ақ, ЭҚ репродуктивтілігінің нашарлауы, оларды бағдарламалық-техникалық құралдармен жою немесе физикалық жою мәселелері әлі егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

Елімізде БҚҚ және архив ісін нормативтік-құқықтық реттеу мақсатында бірқатар заңдар мен заңнамалық актілердің қабылданғаны белгілі, сондай-ақ осыған қатысты мемлекеттік стандарттар да қарастырылған. Соған қарамастан осы салалардың тиімді жұмыс істеуіне жеткілікті дәрежеде құқықтық база жасалған деп айтуға әлі ерте. Әсіресе ЭҚ мен құжат айналым мәселелеріне келетін болсақ, басқа мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстандағы қолданыстағы құқықтық базаның жеткіліксіз деңгейде екендігі айқын.

² Абдукадырова Д.Ю. Хранители памяти // Ақпараттық- әдістемелік бюллетень. – 2019. – №2. – Б. 3- 7.

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

⁴ Юмашева Ю.Ю. Архивы электронных документов: проблемы и возможные решения // Коммуникации и общество. – 2015. – № 3. – Б. 61 – 66.

ЭҚАБЖ және ЭҚ архивтік сақталуын қамтамасыз етуде негізгі нормативтік құқықтық актілерді талдау барысында, бұл салада қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді қолдануды құқықтық реттеудің жай-күйіне қатысты бірқатар тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, олардың негізінде ЭҚАБЖ мен электрондық құжаттар архивіне қажетті көлемді функционалдық талаптарды қалыптастыру керек. Қолданыстағы талаптар тек үстірт сипатқа ие және минималды түрде функциялардың жалпы құрамын анықтауға ғана мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешудің алғашқы қадамы электрондық құжат айналымы жүйелеріне және мемлекеттік архивтерде электрондық құжаттардың сақталуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерге арналған типтік функционалдық талаптарды әзірлеу болуы керек, бұл талаптар ЭҚ ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға және мемлекеттік органдардағы БҚҚ саласы мен мемлекеттік архивтердің қызметін үйлестіруге бағытталуы қажет. Осы талаптардың басты мақсаты – ЭҚАБЖ және электрондық құжаттар архивтерінің ақпараттық жүйелерінің өзара әрекеттесуін, ЭҚ өмірлік циклінің үздіксіздігін сақтай отырып, ЭҚ және / немесе электрондық істерді тұрақты сақтауға тапсыру.

ЭҚ бір ақпараттық жүйеден екіншісіне ауыстыру мақсатына жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет⁵:

– электрондық құжаттарды ЭҚАБЖ мен электрондық құжаттар архивінде пайдалану үшін шынайылықты, сенімділікті, тұтастықты және жарамдылықты сақтау;

– ЭҚАБЖ мен электрондық құжаттар архивінде метадеректердің үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Екіншіден, негізгі нормативтік құжаттар метадеректердің толық құрамын анықтауға мүмкіндік бермейді, олар туралы мүлдем айтылмайды, тек ЭҚАБЖ тіркеу және есепке алу нысандарындағы ақпарат құрамы метадеректер ретінде қарастырылуы мүмкін. Олардың қайсысын электрондық құжаттар архивіне беру керек деген сұрақ та ашық күйінде қалып отыр. Сонымен бірге тиісті жүйелерде қолданылатын және өзара тиімді әрекеттесуін қамтамасыз ететін классификаторлардың құрамы туралы еш жерде айтылмаған.

Үшіншіден, бір нормативтік құжатта қағаз және электрондық құжат айналымына қойылатын талаптарды реттеу орынсыз, қолайсыз. Бекітілген құжаттардың барлық түрлеріне қолданылатын нормативтік актілерде қағаз құжаттармен жұмыс істеу технологиялары көп жағдайда ақпараттық жүйелердегі ЭҚ жұмыс жасауға сәйкес келмейді. Себебі ол құжаттарға қол қою және тіркеу, құжаттардың түпнұсқаларымен, көшірмелерімен жұмыс жүргізу, электрондық істерді қалыптастыру және оның көлемін анықтау мақсатындағы іс жүргізу операцияларының тәртібіне байланысты. Оған қосымша, электрондық құжат айналымы және архивтік сақтау қызметтеріне қатысты нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесінің де олқылықтарының мол екендігі белгілі.

Қарастырылып отырған саладағы электрондық құжат айналымы және электрондық құжаттардың архивтік сақталуының қамтамасыз ету мәселелері арасындағы орын алып отырған үйлесімсіздік еліміздегі тек қана нормативтік-құқықтық, не болмаса нормативтік-әдістемелік кешендердің

⁵ *Суровцева Н.Г.* Требования к системам электронного документооборота и системам хранения электронных документов: проблемы и решения // Вестник архивиста. – 2019. – № 1. – Б. 102 – 113.

жеткіліксіздігінен ғана емес, сонымен қатар бүгінге дейін елімізде практикалық қолданыста басымдылыққа ие болып отырған электрондық құжаттарды басқару теориясынан белгілі «құжаттың өмірлік циклы» моделінің қолданылуында⁶. Іс-қағаздарын жүргізушілер мен архившілердің бірлесіп үйлесімділікте жұмыс жасау қағидасына негізделген «континуум моделі»⁷ стратегиясы біздің мемлекетімізде айналымға әлі де енбеді. Сол себептен БҚҚ мәселесі біздің мемлекетімізде екі этапқа бөлініп тасталған. Біріншісі, құжаттың «пайда болуынан бастап, архивтік сақтауға немесе жойылуға дейінгі» аралықты қамтыса, екіншісі – құжаттардың архивтік сақталуын қамтамасыз етілуі және қолдану болып бөлінеді. Әрине мұндай жағдайда архившілер құжаттарды басқару процессіне әуел бастан араласа алмайды, сол себептен көптеген маңызды электрондық құжаттар толыққанды болмауы, типті қалыптаспауы, болмаса сақталмауы мүмкін.

«Континуум моделі» тұжырымдамасы құжаттың бірнеше стадиядан өтетіндігін мойындайды, бірақ, ол стадиялар «архивке дейінгі», «архивтік», болмаса «белсенді», «белсенді емес» болып бөлек қарастырылмайды. Бұл тұрғыдан «континуум моделі» «құжаттың өмірлік циклы» моделінің логикалық жалғасы болып табылады. Сол себептен құжаттардың «континуум моделіне» негізделген құжаттарды басқарудың ақпараттық жүйесінің стратегиясы мен әдістері «құжаттың өмірлік циклының» соңында емес сол жүйені жобалау кезінде қолданылады.

Сонымен ЭҚАБЖ және электрондық құжаттарды мемлекеттік архивтік сақтау жүйелерін үйлестіру мәселелерін құқықтық, әдістемелік, техникалық және технологиялық жағынан қамтамасыз етуді және электрондық архив құжаттарын ұзақ мерзімді сақтау сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мұқият зерттеу қажеттілігі күннен күнге артауда.

⁶ *Ларин М.В.* Информационное обеспечение управления: Оқу құралы. М.: РГГУ, 2018. 279 б.

⁷ *Frank Upward.* Structuring the Records Continuum Part One: Post-custodial principles and properties // Archives and Manuscripts. – 1996. – № 2. – Б. 268 – 285.